



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 3-10 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 13 желтоқсан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 10 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,4%-ға (436,29 теңгеден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 434,40 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтар валюталарының көпшілігінің серпіні оң болды. АҚШ Еңбек министрлігі нашар деректер жариялады: қарашада ауыл шаруашылығына жатпайтын салалардағы жұмыс орындарының саны 210 мыңға (2020 жылғы желтоқсанынан бастап барынша аз қарқынмен) өсті, жұмыссыздық 4,2%-ға дейін төмендеді. АҚШ инфляциясының қарқыны қарашада 6,8%-ға дейін арта түсті (соңғы 39 жылдағы ең жоғары қарқын).

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:

– **Мексика песосы** аурудың жеңіл түрде өтетіні туралы хабарламаларға сәйкес омикрон штамына қатысты қауіптенудің азаюына байланысты тәуекел-сентименттің жақсаруы аясында 1,8%-ға (21,27-ден 20,88-ге дейін) нығайды. Қарашада инфляция талдаушылардың күткенін асып түсіп, 1,14%-ға а/а жетті, бұл ақша-кредит саясатын қатаңдатуды жалғастыру мүмкіндігін арттырады;

– **Бразилия реалы** Орталық банктің мөлшерлемені 9,25%-ға дейін (150 б.п.) арттыру жөніндегі шешімі аясында 0,7%-ға (5,65-тен 5,61-ге дейін) нығайды;

– **Оңтүстік Африка ранды** 0,6%-ға (16,08-ден 15,98-ге дейін) нығайды. Валюта инвесторлардың тәуекел дәрежесінің ұлғаюы аясында нығайды, бірақ аптаның соңына қарай 2021 жылғы 3-тоқсанда ІЖӨ-нің 1,5%-ға тоқ./тоқ. қысқарғаны туралы деректер шыққаннан кейін оң серпін (сарапшылардың күткенінен де нашар) аяқталды;

– **Ресей рублі** АҚШ пен РФ басшылары арасында жүргізілген келіссөздерінің нәтижесінде аталған мемлекеттер арасындағы геосаяси шиеленістің бәсеңдейтінін күту аясында 0,6%-ға (73,88-ден 73,43-ке дейін) нығайды;


– **Индонезия рупиясы** тәуекелді активтер бағасының өсуі аясында 0,3%-ға (14 420-дан 14 371-ге дейін) нығайды;

– **үнді рупиясы** жергілікті нарықтан шетелдік капиталдың әкетілуі аясында 0,8%-ға (75,17-ден 75,78-ге дейін) әлсіреді;


– **түрік лирасы** ұлттық валютаны тұрақтандыру мақсатында жүргізілген валюталық интервенцияларға қарамастан 1,3%-ға (13,7-ден 13,88-ге дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2021 жылдың басынан бастап 10 желтоқсан аралығында)**



**Дамушы елдер валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2021 жылғы 3-10 желтоқсан аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2021 жылғы 26 қараша =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша қолжетімді:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz